

САБАҚ №8



Медиа сабақ

ТАҚЫРЫП:

СЫНИ ОЙЛАУ



Сіз жаңалықтар қарап отырсыз, сізге мына фотоны көрсетті делік.

Сіз мұнда не болып жатыр деп ойлайсыз?

Мұндай фотосуретпен жаңалықтарда не айтылатын болады?



Ал енді сіз басқа сайтты қарап отырып,
онда да осындай суретті көресіз.

Қалай ойлайсыз, репортаж не туралы болмақ?

Енді шындықты айтайық. Күтпеген жағдай, солай ғой?
Негізі, шындықты көрсетуге болады екен, бірақ толықтай
емес және бұл жерде мағынасы өзгереді.



Мұндай алдауға алданып қалмау үшін сыни ойлауды дамыту керек.

Ол жалған, өтірік ақпараттан қорғануға көмектеседі.



Сыни ойлау элементтері:

Оқудың басты нәтижесі: сіз мына сұрақтарға жауап бере аласыз:

Мен не білемін?

Мен жаңадан не білдім?

Мені оны не істеймін?

Оны кім айтты?

Дереккөзі сенімді ме?

Дәлелдер бар ма?



ОЙЛАУ – миыңыз алынған ақпаратты өңдеу процессі.

СЫНИ ОЙЛАУ – сіз бәріне бірден сене кетпейсіз, алынған ақпаратты сараптайсыз, ой елегінен өткізесіз.

Дәлелдер болмаса, сіз оңайлықпен сенбейсіз.

Дегенмен, сыни ойлау – бұл жаңа идеяларға ашық бола білу қабілеті.



Сыни ойлау

Өзіңе сұрақ
қою

Дұрыс жауапты
өзің табу

Шешім
қабылдау



"Көкек пен әтеш" мысалын оқиық.

Әр түрлі сұрақтар қоямыз:

Қарапайым сұрақтар:

Не болды?

Қайда болды?

Қашан болды?

Оған жауап ретінде қандай да
бір факті айтылады.

(Көкекті кім мақтады?)



Нақтылайтын сұрақтар. Әдетте мынадай сөздерден басталады: «Яғни, сіз солай демексіз ғой...?», «Егер мен дұрыс түсінсем, онда ...?».

Әдетте бұл ойға алған ақпаратты нақтылау үшін қойылады. (Егер мен дұрыс түсінсем, көкек пен қораз әдемі ән айтқан ғой?)

Түсіндіру сұрақтары. Әдетте "Неге?" сөзінен басталады.

Олар көбінесе себептері мен салдарларын анықтауға бағытталған.

(Әтеш не үшін көкекті мақтай алмады?)



Шығармашылық сұрақтар.
Әдетте "еді" демеулігімен беріледі.

"Не өзгерер еді? Не болар еді?"

(Егер әтеш мақтамағанда, көкек не істер еді?)

Бағалау сұрақтары.

Болған жағдайды бағалауға бағытталған.

(Неге әтеш мен көкек бір-бірін мақтамай-ақ қоюы керек еді?)



Тәжірибелік сұрақтар.

Мәселенің бұл түрі теория мен тәжірибе арасында көпір салады.

***"Қалай қолдануға болады?
Енді не істеуге болады?"***

(Егер сіз әтештің немесе көкектің орнында болсаңыз не істеу керек?)



Қорытынды:

Оқу сыни ойлауды дамытуға көмектеседі.

Естіген және көргендеріңнің бәріне ойланбай бірден сене беруге болмайды. Шындығына күмәнмен қарап, ақпаратты тексеру керек.

Ақпараттың шын немесе жалған екенін білу үшін өзіңізге сұрақ қойыңыз: Мен оны кімнен білдім?
Маған оны айтқан адамға сенуге бола ма?
Білгенімді әрі қарай не істеуге болады?